



Күләш Байсейітова атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

**ОРТА, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ
ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРЫ
ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ
АУЫСТЫРУ**

ҚАҒИДАЛАРЫ

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 25.06.2025
	ОРТА, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРЫ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАР	1-бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ереже	2
2	Конкурс туралы хабарландыру және құжаттарды қабылдау	2
3	Конкурстық комиссияның жұмысын ұйымдастыру	4
4	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің профессорлық-оқытушылық құрам мен Университеттің ғылыми қызметкерлері лауазымдарына конкурстық орналасуды өткізу тәртібі	5
5	Қосымша шарттар	7
6	Қорытынды ережелер	8
	1-қосымша	9
	2-қосымша	10
	3-қосымша	13
	4-қосымша	15
	5-қосымша	16

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 25.06.2025
	ОРТА, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРЫ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАР	2-бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ереже	2
2	Конкурс туралы хабарландыру және құжаттарды қабылдау	3
3	Конкурстық комиссияның жұмысын ұйымдастыру	6
4	Конкурс өткізу тәртібі	7
5	Қорытынды ереже	8
	1-қосымша	
	2-қосымша	
	3-қосымша	
	4-қосымша	

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 25.06.2025
	ОРТА, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРЫ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАР	3-бет

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1 Осы Орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтары лауазымдарын конкурстық ауыстыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Университет) орта, техникалық және кәсіптік білім беру педагогтарының бос лауазымдарына конкурс өткізу тәртібін айқындайды.

1.2 Қағидалар келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

- 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (бұдан әрі – Кодекс);
- 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17657 болып тіркелді;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 17 тамызда № 5750 болып тіркелді (бұдан әрі – Үлгілік біліктілік сипаттамалары);
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары және педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2025 жылғы 31 наурызда № 35900 болып тіркелді.

1.3 Орта, техникалық және кәсіптік білім беру педагогтарының бос лауазымдарын атқаруға арналған конкурс (бұдан әрі – конкурс) Университетте сағаттардың болған жағдайында педагогтарға арналған нормативтік оқу жүктемесінің 50 %-нан астамын құрайтын мөлшер негізінде, 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГ УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 25.06.2025
	ОРТА, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРЫ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАР	4-бет

туралы» Заңына сәйкес айқындалған бос немесе уақытша бос педагог лауазымына өткізіледі.

1.4 Университеттегі орта білім беру педагогтарын лауазымдарға тағайындау конкурсы электрондық форматта «Педагогты жұмысқа қабылдау» модулінде (бұдан әрі – Модуль) (<https://hr-nobd.edu.kz/>) жүзеге асырылады.

1.5 Модуль іске қосылғанға дейін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымында педагогтарды лауазымдарға тағайындау конкурсы қағаз түрінде жүзеге асырылады.

1.6 Модуль жүйесінде техникалық ақау немесе істен шығу жағдайында Университетте орта білім беру педагогтарын лауазымдарға тағайындау конкурсын Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) хатының немесе ресми сайтта (<https://hr-nobd.edu.kz/>) орналастырылған хабарландырудың негізінде қағаз түрінде өткізуге жол беріледі.

1.7 Үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес болған жағдайда (Университет проректорларынан басқа) педагогты Университет ішінде бір лауазымнан басқа лауазымға Университет ректорының бұйрығы негізінде Кодекстің 38-бабына сәйкес ішкі ауыстыруға жол беріледі.

1.8 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын мемлекеттік білім беру тапсырысы және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы бойынша GPA 3,33 балдан төмен емес оқу нәтижесімен бітірген тұлғалар сертификаттаудан өткені туралы құжаты болған жағдайда, конкурстық рәсімдерден өтпей жұмысқа қабылданады. Егер педагогтің аталған санаттағы бір бос лауазымына екі немесе одан да көп тұлға үміткер болған жағдайда, таңдау GPA ең жоғары балы бойынша жүзеге асырылады.

1.9 Конкурсқа Үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін және осы Қағидалардың 2.6-тармағында көрсетілген тізімге сәйкес құжаттарды тапсырған педагогтар қатысады.

2 КОНКУРС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

2.1 Конкурсты ұйымдастыру тәртібі мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) конкурс өткізу туралы хабарландыруды Университеттің немесе тиісті деңгейдегі білім беруді басқару органының ресми сайтында және (немесе) мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі арқылы жариялау;

2) конкурсты өткізу күнін айқындау және конкурстық комиссияны қалыптастыру;

3) конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттар қабылдау;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГ УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 25.06.2025
	ОРТА, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРЫ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАР	5-бет

4) кандидаттар құжаттарының Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау;

5) конкурстық комиссияның қорытынды отырысы.

2.2 Білім беру мүмкіндігі болған жағдайда немесе педагогтың бос не уақытша бос лауазымы болған кезде құрылымдық бөлімше басшысы Университеттің мамандармен жұмыс жүргізу бөліміне (бұдан әрі – Бөлім) бос лауазымның негізгі функционалдық міндеттерін, үміткерге қойылатын талаптарды, оның біліктілік деңгейін, өзге де қосымша талаптарды (іскерлік және жеке қасиеттері, тілдерді білу деңгейі, компьютерлік технологияларды меңгеруі және т.б.) қоса тіркей отырып, өтінім береді.

2.3 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінім Университеттің Бөлімі тарапынан өңделіп, бос лауазымның бар екендігі туралы ақпарат Университеттің ресми сайтында <http://kaznui.edu.kz/>, электрондық еңбек биржасында www.enbek.kz орналастырылады.

2.4 Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы көрсетілген бос немесе уақытша бос лауазымы бар Университеттің атауы;

2) негізгі функционалдық міндеттері, еңбек ақы төлеу мөлшері мен шарттары белгіленген бос немесе уақытша бос лауазымның атауы;

3) Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары;

4) құжаттарды қабылдау мерзімі конкурс өткізу туралы соңғы жарияланған хабарландырудан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі;

5) конкурсқа тапсыру үшін қажет құжаттар тізімі;

6) уақытша бос лауазымға конкурс өткізу жағдайында педагогтің уақытша бос лауазымының мерзімі.

2.5 Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландырудың соңғы жарияланған күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

2.6 Конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидат хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде мынадай құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:

1) қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш (1 қосымша);

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 25.06.2025
	ОРТА, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРЫ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАР	6-бет

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) кеуде қуысын флюорографиялық зерттеудің суретін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» №ҚРДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу (тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

7) психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;

8) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;

9) электрондық үкімет порталы арқылы алынған тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтер;

10) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

11) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератор немесе педагог-сарапшы немесе педагог-зерттеуші немесе педагог-шебер біліктілік санатының болуы туралы куәлікті (бар болса) немесе CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) PASS A; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе IELTS (IELTS - айелтс) – 6,5 балл; немесе тойфл TOEFL (internet Based Test (iBT)) – 60-65 балл көрсеткіші бар сертификат;

12) педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы (2,3 қосымша);

13) жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оқу орнынан ұсыным хат.

2.7 Кандидат (болған жағдайда) өзінің біліміне, еңбек өтіліне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпараттарды ұсынады (біліктілікті арттыру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми атақтар, ғылыми дәрежелер мен біліктілік дәрежелерін беру туралы құжаттар, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттары). Еңбек өтілі мен біліктілікті растайтын құжаттар (болған жағдайда) мынадай мәліметтерді қамтитын портфолио түрінде ұсынылуы мүмкін:

- растайтын құжаттары бар шығармашылық жетістіктер тізімі (грамота, диплом, сертификат, афиша, концерт бағдарламалары, дискілер және т. б.);
- неғұрлым маңызды жұмыстардың көшірмелерімен жұмыс орны бойынша расталған ғылыми жұмыстардың тізімі;
- монографиялар, оқу құралдары және автордың жеке немесе бірлескен авторлығымен орындалған басқа да ғылыми және оқу-әдістемелік құралдар;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 25.06.2025
	ОРТА, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРЫ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАР	7-бет

- біліктілікті арттыру туралы сертификаттар;
- алғыс хаттар, грамоталар.

2.8 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымында арнайы пәндер бойынша педагог лауазымына педагогикалық қызметпен айналысқан, тиісті мамандығы немесе бейіні бойынша кемінде 2 (екі) жыл еңбек өтілі бар педагогтар аттестациядан өтуден босатылады.

2.9 Қағидалардың Ережелердің 2.6-тармағында көрсетілген құжаттардың бірінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтаруға негіз болып табылады.

2.10 Бөлім кандидаттың құжаттарын қабылдағаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Ақпараттық сервисі арқылы уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің бар-жоғы жөнінде сұрау жібереді.

2.11 Сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы, Кодекске сәйкес еңбекке орналасуға тыйым салатын мәліметтер анықталған жағдайда, педагог кез-келген кезеңде конкурсқа қатысудан шеттетіледі.

3 КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1 Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері:

- 1) конкурсқа қатысу үшін барлығына тең мүмкіндіктер беру;
- 2) кандидаттар арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;
- 3) конкурстың объективтілігі мен ашықтығын сақтауына бақылау жасау;
- 4) конкурстық комиссия отырыстарының кестесін айқындау;
- 5) конкурстық құжаттаманы талдау;
- 6) конкурс қорытындылары бойынша шешім қабылдау.

3.2 Конкурстық комиссия мектеп және колледж бойынша конкурстық іріктеуге жататын педагог жұмыскерлердің тізіміне сәйкес қалыптастырылады.

3.3 Конкурстық комиссияның құрамы Университет ректорының бұйрығымен айқындалады.

3.4 Конкурстық комиссия алқалы орган болып табылады және оның құрамына кемінде 5 (бес) комиссия мүшесі, оның ішінде конкурстық комиссия мүшелерінің арасынан сайланатын төраға кіреді. Конкурстық комиссия құрамына Университет әкімшілігінің өкілдері (ректордан басқа), тиісті деңгейдегі немесе Университеттің әдістемелік бөлімдерінің (орталықтарының) әдіскерлері, білім беру саласындағы азаматтық қоғам өкілдері, аудандық (қалалық) білім бөлімінің мамандары, педагогтар енгізіледі.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 25.06.2025
	ОРТА, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРЫ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАР	8-бет

3.5 Конкурстық комиссияның хатшысы комиссия отырыстарын ұйымдастырады және оның мүшесі болып табылмайды.

3.6 Конкурстық комиссияның қатыспаған мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

3.7 Конкурстық комиссия қызметінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, конкурстық комиссияның құрамы қайта қаралады.

3.8 Конкурстық комиссияның құрамын өзгерту Университет ректорының шешімі бойынша тиісті бұйрыққа өзгерістер енгізу арқылы жүзеге асырылады.

3.9 Конкурстық комиссияның отырысы аудио-бейне жазбамен жүргізіледі. Аудио-бейне жазба Университетте отырыс өткізілген күннен бастап 1 (бір) жыл мерзімге сақталады.

3.10 Конкурстық комиссияның отырысы оның жалпы құрамының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткен болып есептеледі және оның шешімі заңды күшке ие болады.

4 КОНКУРС ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1 Комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде кандидаттардың құжаттарын Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігі бойынша қарастырады.

4.2 Кандидаттардың құжаттарын біліктілік талаптарына сәйкестігі бойынша қарастыру қорытындылары негізінде конкурстық комиссия кандидат Бағалау парақтарында (қосымша 2, 3) көрсеткен балдарды есептеуді жүзеге асырады.

4.3 Конкурс қорытындылары бойынша шешім конкурстық комиссиямен кандидат жинаған балдарға негізделі отырып қабылданады. Ең жоғары балл жинаған кандидат конкурс жеңімпазы болып есептеледі және оған шешім қабылдау үшін 24 (жиырма төрт) сағат уақыт беріледі. Егер конкурс жеңімпазы шешім қабылдасамас немесе бас тартса, тағайындау құқығы келесі ең жоғары балл жинаған кандидатқа беріледі. Конкурс жеңімпазы Университет ректорына тағайындауға ұсынылады.

4.4 Кандидаттардың жинаған балдары тең болған жағдайда конкурстық комиссия әңгімелесу өткізуді шешеді, оның қорытындысы бойынша тағайындауға ұсынылатын кандидат айқындалады.

4.5 Конкурстық комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделеді, оған төраға, комиссия мүшелері және хатшы қол қояды. Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда комиссия мүшелерінің бірі өз пікірін білдіреді, ол комиссия отырысының хаттамасына қоса тіркеледі.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 25.06.2025
	ОРТА, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРЫ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАР	9-бет

4.6 Конкурс нәтижелері туралы хабарлама конкурстық комиссияның хатшысы арқылы кандидатты электрондық поштаға жіберіледі және өтінімде көрсетілген телефон нөмірі бойынша хабарланады.

4.7 Егер конкурсқа кандидаттардан өтінім түспесе немесе кандидаттар Үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келмесе, конкурс өткізілмеген болып есептеледі.

4.8 Конкурс нәтижелері конкурстық комиссияның соңғы отырысынан кейінгі жұмыс күнінде Университеттің ресми сайтында немесе ресми әлеуметтік желідегі аккаунттарында жарияланады.

4.9 Кандидаттарды конкурстық құжаттармен және конкурстық комиссияның шешімімен таныстырады.

4.10 Конкурс нәтижелерімен келіспеген жағдайда кандидат оларды жоғары деңгейдегі мемлекеттік ұйымда құрылған апелляциялық комиссияға өтінім (қосымша 4) арқылы шағымдана алады.

4.11 Апелляциялық комиссияның шешіміне Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде айқындалатын тәртіппен шағым жасалады.

4.12 Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келетін және конкурстық комиссиядан оң қорытынды алған кандидатпен Университет еңбек шарты жасасады, одан кейін жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарылады.

4.13 Конкурстан өтпеген кандидаттардың құжаттары Университетте 1 (бір) жыл мерзімге сақталады.

4.14 Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі туралы» Заңына сәйкес Университет негізгі жұмыс берушінің келісімі бойынша Кодекстің 1-бабының 56-тармақшасында айқындалған тәртіппен қосымша жұмыс атқарушыларды конкурстық жұмысқа қабылдайды.

5 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

5.1 Қағидалар бекітілген күннен бастап күшіне енеді және жаңасымен ауыстырылғанға дейін қолданылады.

5.2 Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстарына сәйкес Ғылыми кеңес арқылы енгізілуі мүмкін.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 25.06.2025
	ОРТА, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРЫ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАР	10-бет

1-қосымша

**«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ
ректор Г.А. Ахмедьяровқа
/ Кандидаттың тегі, аты, әкесі (бар болса),
жеке сәйкестендіру нөмірі
(бұдан әрі – ЖСН), лауазымы,
жұмыс орны, нақты тұрғылықты
жері, тіркелген мекенжайы,
байланыс телефоны**

Өтініш

Мені «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ, Астана қаласы, _____

бос/уақытша бос лауазымына орналасуға арналған конкурсқа жіберуіңізді сұраймын.

Қазіргі кезде _____

(лауазымы, ұйымның атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала \ ауыл) жұмыс істеймін.

Өзім туралы келесі мәліметтерді хабарлаймын: Білімі: жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік

Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі		Диплом бойынша мамандығы

Біліктілік санатының болуы (болған жағдайда берілген (расталған) күні) _____

Жұмыс өтілі:

Жалпы	Педагогикалық	Мемлекеттік қызмет өтілі	Мамандығы бойынша (кәсіпкерлік субъектілерінің мамандары үшін)	Осы білім беру ұйымында, оның ішінде атқаратын лауазымында

Мынадай жұмыс нәтижелерім бар: _____

Марапаттары, атақтары, дәрежесі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, сондай-ақ қосымша мәліметтер (бар болса) _____

Қазақстан Республикасы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының 8-бабының 1-тармағына сәйкес менің дербес деректерімді дербес деректерді өңдеу мақсаттарына сәйкес келетін кез келген заңды тәсілдермен (фото, бейне, оның ішінде автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе мұндай құралдарды пайдаланбай дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде пайдалану үшін) өңдеуге келісім беремін.

Мен келісемін _____

(Т.А.Ә. (бар болса)) (қолы)

" _____ " 20 _____ жыл _____ /қолы/

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГ УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 25.06.2025
	ОРТА, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРЫ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАР	11-бет

2-қосымша

Педагог бос немесе уақытша бос лауазымына өтілі бар кандидаттың бағалау парағы

(Т.А.Ө. (бар болса))

№	Өлшемшарттар	Растайтын құжат	Балл сандары
			(1-ден 30-ға дейін)
1.	Білім деңгейі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері	Техникалық және кәсіптік - 1 балл
			Жоғары - 2 балл
			Жоғары үздік - 3 балл
2.	Ғылыми атағы/ ғылыми дәрежесі/ дәрежесі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері/ ғылыми атағын/ ғылыми дәрежесін/дәрежесін беру туралы аттестат	PhD докторы - 15 балл
			Ғылым докторы, Ғылым кандидаты, профиль бойынша докторы - 10 балл
			Педагогикалық бағыты бойынша магистрі - 5 балл
3.	Біліктілік санаты	Куәлік, басқа құжат	Педагог- 2 балл
			Педагог-модератор - 3 балл
			Педагог-сарапшы - 5 балл
			Педагог-зерттеуші - 7 балл
			Педагог-шебер - 10 балл
			Басшының үшінші біліктілік санатындағы орынбасары - 5 балл
			Басшының екінші біліктілік санатындағы орынбасары - 6 балл
4.	Әкімшілік және әдістемелік қызметтегі жұмыс тәжірибесі	Еңбек кітапшасы/еңбек қызметін алмастыратын басқа да құжат	Әдіскер, лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл- 2 балл
			Әдіскер, лауазымдағы жұмыс өтілі төрт жылдан көп - 3 балл
			Директордың орынбасары, лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл- 3 балл
			Директордың орынбасары, лауазымдағы жұмыс өтілі төрт жылдан көп - 4 балл
			Директор, лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл - 4 балл
			Директор, лауазымдағы жұмыс өтілі 4 жылдан көп - 5 балл
5.	Бұрынғы жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша) ұсыным хат	Ұсыным хат (педагог лауазымы бойынша соңғы жұмыс орнынан)	Оң ұсыным хаттың болуы - 3 балл
6.*	Соңғы 3 жылдағы кәсіби жетістіктерінің көрсеткіштері	- олимпиадалар мен конкурстар жеңімпаздарының дипломдары, грамоталары, білім алушылардың ғылыми жобалары;	1) қалалық/аудандық олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздары - 0,5 балл

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГ УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 25.06.2025
	ОРТА, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРЫ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАР	12-бет

		- олимпиадалар мен байқаулар жеңімпаздарының дипломдары, грамоталары	облыстық - 1 балл, республикалық - 2 балл, халықаралық - 3 балл;
			2) ғылыми жобалар: қалалық/аудандық - 0,5 балл,
			облыстық - 1 балл, республикалық - 2 балл, халықаралық - 3 балл;
			3) "Үздік педагог" конкурсына қатысушы - 1 балл;
			4) "Үздік педагог" конкурсының жеңімпазы - 5 балл.
7.	Қоғамдық-педагогикалық қызметі	Қоғамдық-педагогикалық қызметін растайтын құжат (бұрынғы жұмыс)	Тәлімгер - 0,5 балл; Әдістемелік бірлестігінің басшысы - 2 балл;
8**.	Курсқа дайындық	- пәндік даярлық сертификаттары; - цифрлық сауаттылық сертификаты, ҚАЗТЕСТ немесе QAZAQ RESMI TEST; IELTS; TOEFL; DELF сертификаттары; Goethe Zertifikat, "Python тілінде бағдарламалау негіздері" бағдарламалары бойынша оқыту, "Microsoft" Курсера жұмыстарына оқыту Халықаралық курстар: TEFL Cambridge "CELTA (Certificate in Teaching English to Speakers of Other Languages)" CELT-P (Certificate in English Language Teaching – Primary) DELTA (Diploma in Teaching English to Speakers of Other Languages) CELT-S (Certificate in English Language Teaching – Secondary) "TKT Teaching Knowledge Test" Certificate in EMI Skills (English as a Medium of Instruction) Teacher of English to Speakers of Other Languages (TESOL) "TESOL" Certificate in teaching English for young learners	біліктілікті арттыру ұйымдары іске асыратын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстары - 0,5 балл (әрқайсысы бойынша жеке)

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГ УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 25.06.2025
	ОРТА, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРЫ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАР	13-бет

		International House Certificate in Teaching English as a Foreign Language (IHC)	
		IHCYLT - International House Certificate In Teaching Young Learners and Teenagers	
		Becoming a Better Teacher: Exploring Professional Development	
		Assessment for Learning: Formative Assessment in Science and Maths Teaching	
		Online Teaching for Educators: Development and Delivery	
		Educational Management	
		Key Ideas in Mentoring Mathematics Teachers	
		Курсы на платформе Coursera, Futute learn	
		Teaching Mathematics with Technology	
		Special Educational Needs	
		"Developing expertise in teaching chemistry"	
Барлығы:			

Ескерту:

* 6-тармақта жеңімпаздар санына қарамастан, соңғы 3 (үш) жылдағы олимпиадалар мен конкурстардың әрбір деңгейі (қалалық/аудандық) бойынша 0,5 балл ескеріледі, облыстық олимпиадалар мен конкурстардың жүлдегерлері - 1 балл, республикалық - 2 балл, халықаралық - 3 балл;

ғылыми жобалар: қалалық/аудандық - 1 балл, облыстық - 1 балл, республикалық -2 балл, халықаралық – тиісінше 3 балл;

республикалық олимпиадалар мен конкурстардың жүлдегерлері - 3 балл.

** 8-тармақта соңғы 3 (үш) жылдағы біліктілікті арттыру ұйымдары іске асыратын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстары - 0,5 балл (әрқайсысы бойынша жеке).

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 25.06.2025
	ОРТА, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРЫ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАР	14-бет

3-қосымша

Педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына өтілі жоқ кандидаттың бағалау парағы _____

Т.А.Ә. (бар болса)

	Өлшем шарттар	Растайтын құжат	Балл сандары
1.	Білім деңгейі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері	Техникалық және кәсіптік - 1 балл
			Техникалық және кәсіптік үздік - 2 балл
			Жоғары - 3 балл
			Жоғары үздік - 4 балл
2.	Ғылыми атағы/ ғылыми дәрежесі/ дәрежесі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері/ ғылыми атағын/ ғылыми дәрежесін/дәрежесін беру туралы аттестат	PhD докторы - 15 балл
			Ғылым докторы, ғылым кандидаты, профиль бойынша докторы - 10 балл
			Педагогикалық бағыты бойынша магистрі - 5 балл
3.	Сертификаттау нәтижесі	Сертификат	50% - 2 балл
			60-80%-4 балл
			80-100% -6 балл
4.	Педагогикалық/ кәсіби практика нәтижелері	Білімі туралы дипломға қосымша	"3" – 2 балл
			"4" – 3 балл
			"5" – 4 балл
5.	Оқу орнынан ұсыным хат	Ұсыным хат	Оң ұсыным хаттың болуы - 3 балл
6.	Волонтерлік жұмысқа қатысу	Қатысу құжаты	1 балл
7.	Педагогикалық қызмет туралы жарияланым бар интернет бетін, әлеуметтік желіде парақшаларын жүргізу (авторлық ғылыми жобалар, сабақтар, семинарлар)	Сілтемелер	1 жылға дейін -1 балл
			1 жылдан 3 жылға дейін -2 балл
			3 жылдан жоғары -3 балл
8.	Жазғы лагерьлердің жұмысына қатысу	Қатысу құжаты	2 балл
9.	Оқу орындары бойынша конкурстарға қатысу (ғылыми жобалар, шығармашылық және т.б.)	Қатысу құжаты	Әрбір қатысқаны үшін 1 балл, бірақ 4 балдан аспайды
10.	ҚАЗТЕСТ немесе QAZAQ RESMI TEST; IELTS; TOEFL; DELF; Goethe Zertifikat сертификаттары, "Python бағдарламаның негіздері", "Microsoft-та жұмыс істеуге үйрету" бағдарламалары бойынша оқыту	Сертификат	1 балл (әрқайсына бөлек)

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 25.06.2025
	ОРТА, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРЫ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАР	15-бет

Курсера		
Халықаралық курстар:		
TEFL Cambridge "CELTA (Certificate in Teaching English to Speakers of Other Languages)"		
CELT-P (Certificate in English Language Teaching – Primary)		
DELTA (Diploma in Teaching English to Speakers of Other Languages)		
CELT-S (Certificate in English Language Teaching – Secondary)		
TKT"Teaching Knowledge Test		
Certificate in EMI Skills (English as a Medium of Instruction)" Teacher of English to Speakers of Other Languages (TESOL)		
"TESOL"		
Барлығы:		

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 25.06.2025
	ОРТА, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРЫ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАР	16-бет

4-қосымша

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ
Апелляциялық комиссия төрағасы

_____ Т.А.Ә (бар болса)

Өтініш

Конкурс өтетін орын _____.

Электрондық поштаның мекенжайы (толық), байланыс телефоны

_____ байланысты

(себеп-салдарды қысқаша баяндау, дәлел келтіру)

_____ тағайындауға арналған конкурс нәтижелерін қайта қарауды сұраймын.

Күні _____

Қолы _____

